

## Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 77 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 сәуірде № 4275 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2022 жылғы 7 ақпандағы № 26 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 07.02.2022 № 26 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-бабының 17-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 143-е "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілдіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" өкіміне сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидалары бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.С.Жұмағазиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*A.Мұхамбетов*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 3 наурыздағы  
№ 77 қаулысымен бекітілген

**Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ақтөбе облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 20-бабының 17-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеудің тәртібін анықтайды.

2. Коммуналдық қалдықтарға тұрмыстық қатты қалдықтар және елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары жатады.

## **2. Коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормалары есептеу тәртібі**

3. Коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормалары тұрғын үй қорының барлық объектілері, тұрғын емес үй-жайлар үшін жеке-жеке белгіленеді .

4. Коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормалары "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадығы № 145 бұйрығымен бекітілген Коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) (бұдан әрі - Үлгілік қағидалары) 1-қосымшасына сәйкес тұрғын үй қорының барлық объектілері үшін және тұрғын емес үй-жайлар бойынша анықталады.

5. Коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормалары кейіннен есептік бірлікке жинақталу көлемін кейін есептей отырып, заттай өлшеу жүргізу жолымен анықталады. Облыстың қала және аудан әкімдіктердің тиісті бөлімдері өз құзыреттері шегінде коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын есептеуді қамтамасыз етеді.

6. Заттай өлшеу жүргізу үшін жайлыштық деңгейі әртүрлі екі үлгідегі тұрғын үй қорының объектілері бөлінеді:

1) су құбыры, кәріз, газбен жабдықтау, орталықтан жылдыту, қоқыс құбыры бар жайлыштық деңгейі;

2) пешпен жылдытылатын, су құбыры мен кәрізі жоқ жайлыштық деңгейі.

7. Тұрғындар тарапынан түзілетін коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын анықтау үшін тұрғылықты халықтың мынадай саны бар участекелер бөліп алынады:

халқының саны 300 мың адамға дейінгі қалаларда участекелер жайлыштың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 2%-ын қамти отырып таңдалады;

халқының саны 300-500 мың адам болатын қалаларда участекелер жайлыштың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 1%-ын;

халқының саны 500 мың адамнан асатын қалаларда - 0,5%-ын (соның ішінде жайлыш емес сектор бойынша кемінде 500 адам).

8. Таңдап алынған объектілерде өлшеу жүргізу алдында облыстың қалалар және аудан әкімдіктердің тиісті бөлімінің өкілдерімен коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын үйымдармен бірлесіп, Улгілік қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша тұрғын қоры мен тұрғын емес үй-жайлардың коммуналдық паспорттың жасайды.

9. Тұзілген және жинақталған коммуналдық қалдықтардың массасы мен көлемін анықтау үшін өлшеу сыйғышы мен салмақ өлшеу жабдығы пайдаланылады.

10. Өлшеуді бастамас бұрын контейнердегі қалдықтар тегістеледі және өлшеу сыйғышының көмегімен қалдықтың көлемі анықталады.

11. Жинақталған қалдықтардың массасы толған контейнерлерді өлшеу жолымен және кейін бос контейнердің массасын алып тастау арқылы анықталады.

12. Егер бір участекеде тұзілген және жинақталған қалдықтардың жалпы көлемі арнайы техниканың (қоқыс тасығыштың) шанағын толтырган және басқа участекелерден қоқысты тиесін мүмкіндігі болмаған жағдайда, қалдықтардың массасын қоқыс тиелген және бос машиналарды автомобиль таразысында өлшеу жолымен анықтауға рұқсат етіледі.

13. Тұзілген және жинақталған қалдықтардың массасы мен көлемі жөніндегі деректер Улгілік қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бастапқы жазба бланкісіне жазылады.

14. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндегеннен кейін объектілердің әрқайсысы үшін алынған деректері (массасы, көлемі) аптаның күндері бойынша жалпы саны шығарылады және Улгілік қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтарды тұзудің және жинақтаудың жиынтық маусымдық ведомосіне енгізіледі.

15. Маусымдық өлшеу жүргізілгеннен кейін деректер (масса, көлем) осы Улгілік қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың тұзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосіне енгізіледі.

16. Белгілі бір объекті бойынша өлшеу болжанып отырған коммуналдық қалдықтарды жинағанда басқа объектілердің коммуналдық қалдықтары араласып кетпеуге тиіс.

17. Қалдықтардың жинақталуын анықтаған кезде бірдей сыйымдылықтағы стандартты контейнерлер пайдаланылады. Қалдықтарды барынша толық есепке алу және біркелкі емес пайда болу мен жинақталу коэффициентін анықтау мақсатында қосымша контейнерлер орнату көзделеді, оларды орнату қажеттілігі мен олардың саны таңдап алынған участкердерді тексерген кезде нақтыланады.

Өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын барлық контейнерлер толық тазартылуға тиіс.

18. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндеду өлшеу жүргізген күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей жүргізіледі.

19. Коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын есептеу Улгілік қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК